

# Д ТУЫ

ИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ  
ПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

евраль Жексенбі

Шығуына 33 жыл  
жеке саны 20 тыйын.

## Жас ұрпақ—біздің келешегіміз. Оларды коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп өсіріп шығару—мектеп партия ұйымдарының ардақты ісі.

### арының

ті жартысында 35 хозындағы жетімша-пылардан 28 оқушы Солай бола тұрса йымдары бұл кемпі-раларын әлі белгіле-рде оқу сапасы осы дәрежеде емес. Бұл 10-15 оқушыда ыспайды. Сөз жоқ, ақыры оқу програм-ына, сабақты үлгер-уына әкеліп соғады. ер Буденный атын-ектепте де бар. Бұл ар Змева, Гаврило-ің білмдерін толық-йды, олар газет, п оқып отырмайды. нгі жаңалықтармен рден артта қалып фактілерді Преснов блмейді деуге бол-лардың оқытушы өсіру ісіне «колда-

авл қаласында да Бұған оқу жылы-ысында қаладағы 00 оқушының саба-

### ССРО Жоғарғы Советінің сессиясы құрметіне



ССРО Жоғарғы Советінің сессиясын лайықты қарсы алу күрәінде темекі фабрикасының жұмысшысы М. Верховина жолдас сменалық тапсырмасын 120 проценттен орындаумен жақсы нәтижелерге не болып келеді.  
СУРЕТТЕ: М. Верховина жолдас.

## Колхоздардағы есеп беру-сайлау жыйылыстарынан

### Сын, өзара сын жағдайында

Тельман атындағы колхоздың председатели И. Миллер жолдас 1951 жылдың қорытындылары жөнінде есеп беру-сайлау жыйылысында баяндама жасап, қол жеткен табыстарға тоқталды. Колхоз өткен жылды зор табыстармен аяқтады. Мал өсірудің ұшқымдық жоспары 5 түліктен де асыра орындалды. Колхоз мал азығын жеткілікті дайындап, мал қыста-тұға ойдағыдай әзірлеумен кірісі, өсір мұнда бірде-бір мал шығынға ұшыраған жоқ.

Колхозшылар мал шаруашылығы өнім дерін арттыру жөнінде едәуір жұмыстар істеп, бірталай табысқа жетті. Әрбір сауын сыйырдан 1585 литрден сүт сауыл-ды да, әрбір қойдан 2,6 килограмм жүн қырқылды. Колхозшылардың адал еңбегі арқасында колхоз мемлекетке сүт, ет, жүн, жұмыртқа және тері тапсыру жос-парларын асыра орындады. 1952 жыл-дың есебіне 35 центнер сүт тапсырылды.

Егіннен мол өнім алу жөнінде жүргі-зілген күрестің нәтижесінде, колхоз мем-лекетке астық тапсыру жоспарын асыра орындады. Колхозда еңбек тәртібін жақ-сарту туралы да жүргізілген жұмыстары

Ал, мұның ақыры колхозшылардың ең-беккүндеріне ақшаның аз бөлінуіне әке-лі соқты.

Колхоз председатели мен тексеру комис-сиясының есепті баяндамасынан кейін жарыссөз басталып, кездесіп кемшілік-тер әділ сыналды.

Колхозшы Г. Роот жолдас егіс бригадасы-ның бригадирі Гельфор жолдасын жұмы-сында кемшіліктерді қатты сынады. Ол Гельфорды басқарма мүшелігінен боса-ту жөнінде ұсыныс енгізді.

—Біздің колхозда,—деді колхозшы П. Герц,—1950 жылға қарағанда бірталай табыстар бар. Солай дегенмен де әлі де елеулі кемшіліктер кездесіп жүр. Егерде басқарма мүшелері шаруашылыққа бұдан да жақсырақ басшылық етіп, ұйымдасты-ру жұмысын күшейткен, жұмысқа еркін мойынсымай жүрген колхозшылары тәр-тіпке шақырған болса, біз бұдан да зор табысқа жетер едік.

Колхозшы Е. Эрпирт және Бритлер жолдастар мал қыстатуда кездесіп отыр-ған кемшіліктерді атап көрсетті, мал азығын жұмсауда тәртіпсіздіктің барлы-

### Зор белсенділікпен өтті

—Бүгін жылдық есеп беру-сайлау жыйылысы болады екен,—деген хабар «III Интернационал» колхозының бар-лық колхозшыларына ілезде-ақ тарайды. Колхозшылар бұл жыйылысқа түгелдей дерлік қатысып, артельдің 1951 жылы егін және мал шаруашылығында қол жеткен табыстары және шаруашылықты өркендете беру күресінде кездесіп отыр-ған кейбір кемшіліктер жөнінде нақтылы мағлұматтар алды. Баяндама жасаған колхоз председатели П. Чириков, Ф. Сит-ников, Л. Иванова, Ш. Сегренев сыяқты таңдаулы колхозшылардың қажырлы ең-бектеріне ерекше тоқталып, олардың ста-хаповтың еңбек жұмысының артельде еңбек ұйымдастыруды жақсартудың жө-не еңбек өнімділігін арттырудың ұйтқы-сы болғандығын баяндады.

Жоғарыда колхоз егін шаруашылығы жөнінде бірталай табыстарға жетті делін-ді. Алайда, егер мұнда агротехниканың барлық шаралары ойдағыдай жүзеге асы-рылса, мал шаруашылығын өркендетіп,

коммунист (большевиктер) партиясының стезінің қарарын ойдағыдай жүзеге асыра алмай, оқу-тәрбие жұмысында орын алған кемшіліктерден арыла алмай отырған мектеп партия ұйымдары мен облыс-тушылар коллективі әлі де бар.

Мысалға Преснов ауданындағы Троицкая жетіжылдық мектебі мен Ново-Совхозындағы жетіжылдық мектепті алайық. Троицкая жетіжылдық мектебінің 5 кластарында оқытатын 75 оқушыдан

арды советтік патриотизм рухында және Отанға сүйсіспеншілік пен берілгендік рухында тәрбиелеу. Мектептерде осы міндеттердің аброймен орындалуы үшін жергілікті партия, совет, комсомол ұйымдары мен оқу орындары барлық мектептерге басшылық ісін жақсарту білулері керек. Жас ұрпақ — біздің келешегіміз. Оларды коммунизмнің белсенді құрылысшылары етіп өсіріп шығару — мектеп партия ұйымдарының ардақты ісі.

—00—

## Біртөп мұғалімдер наградпалды

ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының 1951 жылғы 30 ноябрдегі Указы бойынша ұзақ жылғы және мінсіз қызметі үшін облыс мектептерінің біртөп мұғалімдері ССР Одағының ордендері мен және медальдарымен наградталды.

Петропавл станциясындағы № 45 жетіжылдық мектептің оқу ісін басқарушысы Зинаида Ивановна Смерлягина

Ленин орденін, осы станциядағы № 44 орта мектептің мұғалимасы Анна Никитична Дмитровская және № 47 жетіжылдық мектептің мұғалимасы Елена Ивановна Балқарова «Құрмет белгісі» орденін алды.

«Еңбектегі ерлігі үшін» медалімен 3 адам, «Еңбекте үздік шыққаны үшін» медалімен 4 адам наградталды.

## Чапаев атындағы музейде

ЧАПАЕВО. (Батыс Қазақстан облысы). 8 февраль. (СОТА). Чапаев ауданының еңбекшілері ізамат соғысының даңқты батыры Василий Иванович Чапаевты құрметпен еске түсіруде. 1919 жылы Чапаев дивизиясының штабы орналасқан екі этажды ағаш үйде кәзір В. И. Чапаев атындағы музей бар.

9 февральда Чапаевтың туғанына 65 жыл толуымен байланысты музейге келушілердің саны көбейді. Январда музейге 500 адам келді. Музейге еліміздің көптеген аудандарының еңбекшілері келіп, мынадай жазулар қалдыруда. «Чапаев музейіне келушілер оның ескерткішінің

алдына өздерінің басын иеді. Ұлы Отан соғысына қатысушы ковпақышлар, біздер одан үйреніп, оның даңқты ісін ілгері апарушы болдық. Совет Одағының батырлары Вершигора және Войцехович».

Соңғы уақытта музей жаңа экспонаттармен толықтырылды. «Чапаев жауынгер командирге сыйлыққа сағат беріп тұр», «Чапаев штапта», «Лида Лаутина Чапаевтың отрядына сұранып тұр» деген картиналар қойылды.

Музейде бұрын чапаевшылар соғысқан Батыс Қазақстан даласының табиғатын өзгерту жөніндегі жұмысты көрсететін экспозиция әзірленуде.

## ТАЛДЫҚОРҒАННЫҢ КАУЧУКТІ ДАҚЫЛ ӨСІРУШІЛЕРІНІҢ ҮНДЕУІНЕ ЖАУАП

АҚМОЛА. (ҚазТАГ). Калинин ауданының «Страна Советов» ауылшаруашылық артели колхозшыларының жалпы жыйналысы Талдықорғанның каучукті дақыл өсірушілерінің көксағыз тұқымынан және тамырынан мол өнім алу жолындағы социалистік жарысты кеңінен өрістетуге шақырған үндеуін талқылады. Көксағыз бұл колхозда жаңадан өсіріле бастаған

дақыл. Өткен жылы көксағыздың әрбір гектары дәнді дақылмен салыстырғанда табысты екі есе артық берді. Быйыл көксағыз егісінің көлемі 20 процент ұлғайтылды. Колхоз егісі және плантацияны күтуге қызу әзірленіп жатыр. Каучукті дақыл өсіруші бригада құрылды. Оның құрамында 30 адам бар.

дың бірі. —Хамит Әминов.

Ол 1951 жылы 2,5 жылдық жоспарды орындап шықты. ССРО Жоғарғы Советінің сессиясына әзірлік күндерінде Әминовтың қарқыны үдәй түсті. Ол сессиясына 6 қартер өңдеудің орнына 20—21 қартер өңдейді өнімнің сапасы да технологиялық талаптарға сай.

Д. ӘБІЛҚАСОВ.

## Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан

# 1951 жылдың ауылшаруашылық жұмыстарының жоспарын мемлекеттік жоспарын орындаудың нәтижелері бойынша Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы

Облыстардың, аудандардың, МТС-тердің, машина-малшаруашылық станцияларының, совхоздардың, орман шаруашылықтарының және жер суару жүйелері басқармаларының социалистік жарысының 1951 жылы төртінші кезеңдегі қорытындыларын қарап, Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитеті қаулы етті. Барлық ауылшаруашылық жұмыстарының жоспары, мал шаруашылығын өркендетудің мемлекеттік жоспарын, мемлекетке мал шаруашылығы, ауыл шаруашылығы өнімінің барлық түрлерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерді ойдағыдай орындағаны, мал қыстатуға мезгілде әзірленгені және су шаруашылығы жұмыстарының жылдық жоспарын орындағаны үшін төменде аталған аудандарға, МТС-терге, машина-малшаруашылық станцияларына, совхоздарға, орман шаруашылықтарына және жер суару жүйелерінің басқармаларына Қазақ ССР Министрлер Советі мен Қазақстан К(б)П Орталық Комитетінің ауыспалы Қызыл Тулары берілсін:

**Ауылшаруашылық жұмыстары мен ауылшаруашылық өнімдерін тапсыру жөніндегі міндеттемелерін орындаудың қорытындылары бойынша**

Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Қостанай облысының Пресно горьков ауданына берілген ауыспалы Қызыл Ту осы ауданды

ның өзінде қалдырылсын (аудандық атқару комитетінің председателі Қалнев жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Матвиенко жолдас, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Шевченко жолдас).

Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Талдықорған облысының 28-гвардияшылар атындағы ауданына берілген ауыспалы Қызыл Ту осы ауданның өзінде қалдырылсын (аудандық атқару комитетінің председателі Оразов жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Бабинцев жолдас, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Барчук жолдас).

Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Қазмашау облысының Залитовочная МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оның өзінде қалдырылсын (МТС директоры Глухов жолдас, директордың саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Доценко жолдас).

Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Жамбыл облысының Шу МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оның өзінде қалдырылсын (МТС директоры Адамченко жолдас, директордың саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Тәуірбаев жолдас).

Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оған алынып, осы облыстың Налобин МТС-не берілсін (МТС директоры Андришков жолдас).

тысып, МТС кемшіліктерді

Колхозшы сайлау жыйыны айтылған қорытындылар

Мал шаруашылығын өркендетудің Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Талдықорған облысының 28-гвардияшылар атындағы ауданына берілген ауыспалы Қызыл Ту осы ауданның өзінде қалдырылсын (аудандық атқару комитетінің председателі Оразов жолдас, аудандық партия комитетінің секретары Бабинцев жолдас, аудандық ауылшаруашылық бөлімінің меңгерушісі Барчук жолдас).

Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Қазмашау облысының Залитовочная МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оның өзінде қалдырылсын (МТС директоры Глухов жолдас, директордың саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Доценко жолдас).

Социалистік жарыстың үшінші кезеңіндегі қорытындылары бойынша Жамбыл облысының Шу МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оның өзінде қалдырылсын (МТС директоры Адамченко жолдас, директордың саяси жұмыс жөніндегі орынбасары Тәуірбаев жолдас).

Солтүстік Қазақстан облысының Петропавл МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оған алынып, осы облыстың Налобин МТС-не берілсін (МТС директоры Андришков жолдас).

Жамбыл облысының Шу МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оған алынып, осы облыстың Налобин МТС-не берілсін (МТС директоры Андришков жолдас).

Жамбыл облысының Шу МТС-не берілген ауыспалы Қызыл Ту оған алынып, осы облыстың Налобин МТС-не берілсін (МТС директоры Андришков жолдас).

# А. С. ПУШКИН



қоғам-  
шікір-  
және  
ай заман  
қоғамы  
герілеп,  
әрдайым  
ниетпен

ИИ.

өзгеріс  
а, яғный  
мымызға  
ғажайып  
рге беле-

ИИ.

ТЫ

нігіме.

п:



## А. С. ПУШКИН ТУРАЛЫ

Пушкиннің есімі аталған сағатта-ақ орыстың ұлт ақыны жөніндегі пікір ойында сайрап қоя береді. Шынында біздің ақындарымыздың ешқайсылсы да одан жоғары дәрежеде болған емес және одан асқан ұлт ақыны болып аталуы да мүмкін емес; бұл право толығынан Пушкиндікі, біздің тіліміздің барлық байлығы, күші, иемділігі оның лексиконына дарыған тәрізді. Ол басқаның бәрінен гөрі де лексиконымыздың шекарасын әріге, алысқа жеткізіп, оның барлық кеңігін айқып көрсетті. Пушкин дегеніміз өтенше көрініс және ол орыс рухының бірден-бір көрінісі болуы да мүмкін: бұл кемеліне келіп марқайған орыс адамы...

Н. В. ГОГОЛЬ.

\*\*\*

Пушкиннің орыс әдебиеті тарихында ғана емес, сонымен қатар орыс зарту ісінң тарихында да маңызы зор. Ол орыс жұртын тұңғыш рет бітап оқуға үйретті, оның асқан ұлы еңбегі міне осында. Оның өлеңдерінен біз орыс тілін тұңғыш рет анық естідік, орыстың ішкі дүниесі тұңғыш рет көз алдымызда сайрап көрінді.

Н. А. ДОБРЮБОВ.

\*\*\*

Алып Пушкин — біздің асқан зор мақтанышымыз, Россияның рухани күштерінің ең толық көрінген бейнесі.

М. ГОРЬКИЙ.

А. С. Пушкин

## Сібірге хат

Сібірдің шыңырау кенінде  
Қайыспай шыдап бағындар;  
Еңбек кетпес тегінге.  
Мақсұтта берік қалындар.  
Азаптың адал сөрігі  
Үмітің болып шамшырақ,  
Зынданда ашар көңілді,  
Қуаңтар жетіп күткен шақ:

Түнерген қапас үңгірге,  
Шырқаған даусым жол табар,  
Қамауда жатқан сендерге  
Махаббат, достық апарар.  
Қыйнаған құрсау талқан боп,  
Қараңғы зындан бір құлар,  
Қуана қарсы ап бостандық,  
Достарын семсер тапсырар.

Достарын семсер тапсырар.

Ел ізі оған салған суық білмес,  
Асқақтап Александр мұнарасынан  
Жоғары оқшау шығып, тұр ол  
дербес.  
Жоқ, өлмен — жаным жасар өлеңімде,  
Шірмей, жасаңғырар дөңем мүлде,  
Ер болса жалғыз ақын ай астында,  
Ардақтап хасбеттер мені әр күнде.  
Дабысым ұлы Ресейге көтер жалпақ,

Славян елдерінің ер ұрпағы,  
Бәзіргі тағы тұңғыс, қырда қалмақ.  
Халқыма сүйікті ұзақ болар жерім —  
Тұңғыздым өлеңіммен мейірлерім;  
Жыр етіп тар заманда еркiндiкiтi,  
Мархабат фақырларға тілегемін.  
Уа, муза, құлағың сал, сөзіме бақ,  
Жабықша жәбірлеуден, тілемге так.  
Мақтауды жаламенен тыңда салқын,  
Тіреспе, таласпа да не десе ақмақ.

теңіздің терең түбінде,  
Сүңгіп адам соны алар  
Шам қылуға түнінде,  
Май құйған шам сөнсе де,  
Шам-шырақ сөнбес өмірде.  
Жақсы сөз бөйне шам-шырақ,  
Орнаған мықтап көңілге,  
Жақсы сөздің иесін  
Ұйғара алман өлмеге.  
Олай болса Пушкинді

Асылдың бәрi бағалы.  
Ақылды туған жасым бар,  
Ұлы ақынның үлгісін  
Маржан етіп тағады.  
Асылдың беті ашылып,  
Өлемге нұры шашылып,  
Шалқардай көңіл шалқыған,  
Сталиннің заманы.  
1937 жыл.

лы арнаулы кеште  
Пушкиннің өлеңдері  
үзінділер оқылады.  
Соңғы уақытта ұл  
маларына деген оқ  
күшейді. Пушкиннің  
маларын, драмалары  
келген оқушылардың  
лалар кітапханасында

## Орыстың ұлы патриот ақыны

Орыстың данышпан ақыны Александр Сергеевич Пушкиннің қайғылы апатқа ұшырағанына бүгін 115 жыл толды.

Совет Одағының халықтары оны мәңгі есінде сақтайды. Совет өкіметі жылдарында Пушкиннің шығармалары еліміздің миллиондаған еңбекшілерінің игілігіне айналды.

Пушкин В. И. Лениннің сүйікті ақыны болды. Сталин жолдас Пушкиннің есімін орыс халқы мәдениетінің асқан ұлы қайраткерлерінің есімімен бірге атады.

Пушкин творчествосы 1812 жылғы Отан соғысы және 1825 жылғы декабристер көтерілісі сыяқты оқиғалармен тығыз байланысты Отанымыздың тарихының жарқын бір кезеңін суреттейді. Пушкин өз заманының азаттық қозғалысымен, дворян революционер-декабристерінің қозғалысымен тығыз байланысты болды. Ақының даңқы самодержавиеге және басыбайшылыққа қарсы азаттық күрес идеяларының жыршысы болғанынан былай қарай жұртқа жайыла бастайды.

Ұлы ақынның феодалдық-крепостнойлық құрымысқа ызалы қарсылығы халық бұқарасының пікірін білдіру болды. «Біздің саяси бостандығымыз шаруаларды азат етумен тығыз байланысты» — деп жазды Пушкин. Ол Радищевтің ізінше бостандықты жырлады және бұдан өзін Отан алдында сіңірген еңбектерінің бірін көрді. Пушкин өмірінің ақырына дейін өзінің декабрист достарының азат идея-

С. ПЕТРОВ,  
ғылымның кандидаты, Горький атындағы дүние жүзі әдебиеті институты директорының орынбасары.

ларына шын берілді. Сібірде жолдаған деңінде оларға сөзін арнап былай деді: Еңбек кетпес тегінге, мақсұтта берік алыңдар». Шынында да, 1825 жылы сенат алаңында болған көтеріліс зая еткен жоқ. «... Дворяндардан шыққан аңдаулы адамдар халықты оятуға көмек етті» — деп жазды В. И. Ленин. Пушкин осы таңдаулы адамдардың бірі болды.

Пушкин творчествосында бостандық идеясы Отанға деген жалынды сүйіспеншілікпен ұштасып жатады.

Пушкин халықтың құлдық бұғауынан құтылуын тіледі, самодержавие мен крепостнойлық құрылымы мейлінше жек көрді, орыс адамының ұлттық мақтанысын аса құрметтеді, ақын адамзаттың тарихи тағдырында, орыс халқының әр роль атқаратындығын әлде неше рет атап көрсетті. Ол Россияның ерте заманда-ақ Европа халықтарын монғол тобырларының шапқыншылығынан сақтап қалғандығын да жырға косты. «Жеңілмейді» деп дәріштеген Наполеонның самсаған қалың қолын орыс халқының талқандап, Батыс Европа мемлекеттерін оның тепкісінен азат еткендігін ақын мақтаныш

етті.

Отанымыздың жауларын әшкерелеумен қатар, ақын халықтар арасындағы бейбітшілік және достық идеяларын өте-мөте қадірледі.

Пушкиннің мәңгі өшпес шығармаларында орыс өмірінің барлық саласы негізнен қамтылып, суреттелді. «Пушкин поэзиясы, — деп жазды Великий, — орыс елінің табиғатын, немесе орыс адамының мінез-құлқын сыйпаттаса да орыс шындығына тіпті таңқаларлық дәрежеде шын берілген».

Отанымыздың өміріндегі аса маңызды оқиғаларды суреттеу үшін ақын реалистік жарқын образдар таба білді. Ол «Борис Годунов» драмасында халықтың тарихи оқиғалардағы шешуші ролін шеберлікпен бейнелеп көрсетті. «Капитан қызы» дастанында орыс әдебиетінде XVIII ғасырдағы шаруалар көтерілісінің көсемі Емельян Пугачевтің образы тұңғыш рет көрсетілді.

Ұлы ақын өз заманы шындығының мәселелерімен әрдайым шұғылданып отырды. Салтыков-Щедриннің айтуы бойынша, ол әрқашан «өз заманының сыр-ын білуге ұмтылды». Данышпан ақын өз заманындағы орыс тұрмысына мүлдем қапағаттанбады, өз сөзімен айтқанда, Россия өмірінде «ұлы өзгерістер» жасау жолын қажымай-талмай іздеді. «Ұлы өзгерістер» жасау дегеннің мәңгі ақын самодержавие мен крепостнойлық правоны жою, ха-

лық бұқарасы арасында мәдениет және халық-ағарту ісін өркендету, жастарды патриотизм және бостандық сүйгіштік рухында тәрбиелеу деп түсінді. Феодалдық-крепостнойлық құрылымы қатты сынап отырып, Пушкин атап айтқанда ол кездегі әлі жас капиталистік ел — Солтүстік Америкадағы буржуазиялық демократияның нашар жақтары мен қайшылықтарын айырықша атап көрсетті.

Пушкин Россияның өнеркәсіп жөнінен өркендеуінің қажет екендігін жақсы білді, бірақ, капиталистік құрылыс жағдайында халық бұқарасының тағдыры не болатындығы оны қатты ойландырды.

Пушкин Россияның әлеуметтік дамуы халық-ағарту ісінің өркендеуімен, гуманистік салт-санаммен, нағыз бостандық және адамгершілікпен ұштасқан тарихи болашағын арман етті.

Ақынның асқан көрнекті шығармаларының бірі «Евгений Онегин» романы осындай идеялармен суарылған. Бұл олеңмен жазылған романда ол алдыңғы қатарлы дворян интеллигенциясын халықтан және отандық ұлт мәдениетінен қол үзгені үшін қатты сынады. «Евгений Онегин» — дворян қоғамына айыптау қорытындысы болды. Бұл қоғам жағдайында адал ниетті, кршіксіз таза махаббаты орыс қызы Татьяна тағдыры қайты-қасіретке ұшырады. «Голушино селосының тарихы», «Дубровский», «Капитан қызы» дастандары арқылы Пушкин халыққа деген игі тілегін білдірді.

Пушкин өзінің ақындық талантының күшін сөзге білді. Ол өз шығармаларының

көп ұлтты Отанымыз тарына жететін жолды жақсы сезді.

«Дабысым ұлы Ресей Тіл біткен жүр атап...» деп жырла

Ақынның бұл сөздері бұқарасын білім баулығап Ұлы Октябрь революциясы жеңіп жерде ереше күшпен қын шығармалары Солярының барлық тілдер ғарылуда. Совет өк ақын шығармалары 5 астам жалпы тиражбе

Пушкин — орыстың дағы реалистік әдебиетінің оны «орыс форматоры» деп атады. Пушкиннің тигізген келіп ақынның досы тіндегі ең жақын миголь Пушкин опат «Мендегі ең жақсы д үшін оған көп борыш

Орыс халқы мәдениетіне — музыкаға, алдымен, тек орыс әді сонымен қатар, еліміз тарының әдебиетіне д әсер етті.

Маркс пен Энгельс творчествосын өте-мөте з Ұлы ақын орыс халқы тұңғыш рет реалистік

РЕДАКЦИЯ МЕН ОБЛЫСТЫҚ ГАЗЕТТЕР БАСПАСЫНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы. Петренев көшесі, №2-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың редакция және ауылшаруашылық бөлімдері — 2-36, өнеркәсіп-транспорт және тілшілер бөлімдері — 1-33-2, корректорлар бюросы — 4-39. Газет баспасы — 0-22, газет табыс етілме